



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

29 тамыз, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

БЕЛЕС

2 Бірліктің, жасампаздық пен өрлеудің Конституциясы

БІЛІМ

4 Қыркүйек те келді

ДӘЙЕК

5 Жаһандық қауіпсіздікке жасалған қадам

ТАРИХ

8 Абайды сұраған генерал

Тәуелсіздіктің берік құқықтық негізі



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Конституциясының 25 жылдығына арналған «XXI ғасырдың Конституциясы – құқық үстемдігі, адамның құндылығы және мемлекеттің тиімділігі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның және Азия конституциялық соттары және балама институттар қауымдастығы IV Конгресінің пленарлық отырысына онлайн режимде қатысты.

Президент 1995 жылы Бүкіл-халықтық референдумда Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданғанын, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ата Заңымызға идеялық тұрғыдан бастамашы болғанын, іргелі құжатты әзірлеу жұмысын Елбасының өзі басқарғанын атап өтті.

– Конституция Тәуелсіздігіміздің берік құқықтық негізін қалады. Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп жарияланды. Еліміздің аумақтық тұтастығы, қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, құқық үстемдігі және демократия қағидаттары бас құжаттымызда айқын көрініс тапты. Конституцияда Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттілігін қалыптастыру үшін аса маңызды құқықтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық алғышарттар да айқындалды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияның мазмұны уақыт талабына сәйкес жетіліп, жаңартылып отыратынын, оның заңды құбылыс екенін айтты. Бүгінде бүкіл әлемнің кескін-келбеті өзгеріп жатыр. Осындай кезеңде Қазақстан да көштен қалмай, қарқынды дамуда. Сондықтан қалыптасқан жаңа ахуалға сай Ата заңның мәтініне қосымша құқықтық тетіктер мен нормалар енгізіліп отырады.

Мемлекет басшысы жалпыға

ортақ демократиялық қағидаттарды нығайта түсу, адамдардың және азаматтардың құқығы мен бостандығына кепілдікті күшейту еліміздің алдында тұрған басты міндет екеніне тоқталды. Ата Заңның ережелерін жүзеге асыру ісінде Конституциялық кеңестің маңызы ерекше екенін, аталған кеңес Конституцияның ел аумағында үстемдік етуін қамтамасыз етіп, конституциялық талаптардың мән-мазмұнын түсіндіру тұрғысынан орасан зор жұмыс атқаратынын білдірді. Сонымен қатар был Қазақстанның Конституциялық кеңесі Азия конституциялық соттары қауымдастығы мен Конституциялық бақылау органдарының еуразиялық қауымдастығына төрағалық етіп жатқанын атап өтті.

Президент сөз соңында конференцияға қатысушыларды Ата Заңның мерейлі мерекесімен құттықтады.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция барысында Еуропа кеңесінің құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссиясының президенті Джанни Букиккио, Еуразиялық Экономикалық Одақ соның төрағасы Жолымбет Байшов, Германия халықаралық құқықтық ынтымақтастық қорының бас директоры Фрауке Бахлер, Нұр-Сұлтан қаласындағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар офисінің басшысы Дьердь Сабо сөз сөйледі.



«Дұрыс бағыт таңдадық»



Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі Бюросының отырысы өтті. Басқосуда Бюро мүшелері «Nur Otan» партиясының 7 серпіні – Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам» атты партия жұмысын қайта жандандыру бағдарламасын жүзеге асыру барысын және партияның ішкі іріктеуін өткізу мәселесін талқылады.

Елбасы жиында сөйлеген сөзінде қазіргі уақытта праймеризге қоғам тарапынан зор қызығушылық бар екенін атап өтті.

– Жұртшылық елдің қоғамдық және саяси өміріне белсене қатысқысы келеді. Біз партияны қайта жандандырудың дұрыс бағытын таңдадық. Еліміздің мәселелерін бірлесіп шешу үшін ашық диалогты қамтамасыз ету қажет. Праймериздің міндеті – халықтық партиялық тізімдерді қалыптастыру, қоғам қолдауына ие, нақты жағдайды білетін беделді көшбасшыларды, белсенді адамдарды бәсекелестік негізінде іріктеу, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

«Nur Otan» партиясының Төрағасы праймеризге қатысушылар жергілікті жерлерде өткір мәселелерді ашық көтеруі және кемшіліктерді анықтап, нақты шешімдер ұсынуы керек екенін атап өтті.

– Біз өз өңірін және елімізді дамытуға дайын барлық азаматтар үшін «әлеуметтік лифт» қалыптастырдық. Қыркүйек айында жергілікті бағдарламалардың барлық 216 жобасы жарияланады. Кең көлемдегі талқылаулар біздің электралдық міндеттерімізді халықтық сұраныстарымен және қажеттіліктерімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Бесжылдық мерзімге арналған бағдарламалар жұртшылықтың пікірін ескере отырып жетілдіріледі, әр ауданның,

қаланың және облыстың бюджеттік мүмкіндіктерімен байланыстырылады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы партияның ішкі іріктеуінің келесі кезеңдерін жүзеге асыру үшін ұйымдастыру жұмыстарын сапалы өткізудің маңыздылығына назар аударды.

– Праймериз барлық қатысушылар үшін әділ, ашық және тең жағдайда өткізілуі қажет, оны Денсаулық сақтау министрлігінің ұсыныстарына сәйкес орындау керек. Барынша қауіпсіздік шараларын қабылдау қажет. Ең бастысы – азаматтардың денсаулығы, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Сөз соңында Елбасы «Nur Otan» партиясының қоғамды жұмылдырудағы және елдің одан әрі дамуын қамтамасыз етудегі маңызды ролін атап өтті.

– Партия қазақстандықтарды, барлық сындарлы және саналы қоғамдық күштерді топтастыруы керек. Біз бірліктің арқасында кез келген қиындықтан өте аламыз. Әсіресе, еліміздегі тұрақтылық пен тыныштықты сақтау үшін үйлесімді жұмыс істеген жөн, – деді Елбасы.

Сондай-ақ отырыс барысында «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Б.Байбектің және Бюро мүшесі, Қазақстанның Премьер-Министрі А.Маминнің баяндамасы тыңдалды.




«АБАИ. 175 ЖҮЛ» коллекциялық монеталары саудаға шығарылады

Номиналы 500 теңгелік күмістен, номиналы 100 теңгелік мельхиор қоспасынан және номиналы 100 теңгелік нейзильбер қоспасынан жасалған «АБАИ. 175 ЖҮЛ» коллекциялық монеталары 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап сатылымға шығарылады, – деп хабарлайды Egemen.kz Ұлттық Банктің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Монеталарды Қазақстан Ұлттық Банкінің барлық аумақтық филиалдарынан сатып алуға болады, олардың мекен-жайлары сайтта көрсетілген. Күмістен және мельхиор қоспасынан жасалған монеталарды Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы сатып алуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Ұлттық Банкі аталған монеталарды 2020 жылдың 10 тамызында айналымға шығарды. Оларды шығару ақын және ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орайластырылды. Қазақстан Республикасында карантин режимінің ұзарғылуына байланысты монеталарды сату кейінге қалдырылған болатын.



● МӘМІЛЕ

Меморандумға қол қойылды

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен Қызылорда облысы әкімдігі, «Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы және «Шалқия Цинк ЛТД» акционерлік қоғамы арасында Шалқия кенішінде тау-кен байыту фабрикасының құрылысы жөнінде ұшжақты меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Аймақ басшысы өз сөзінде меморандумның іске асырылуымен облысқа инвестиция тарту және жаңа жұмыс орындарын құру көрсеткіштері жақсаратынын атап өтті. Мұнай өндіріс төмендеп келе жатқан кезеңде металлургия саласының дамуы өте маңызды. Кейінгі жылдары осы сала мамандарын дайындау мақсатында облыс жастары Ресейдің арнаулы жоғары оқу орындарында және шет елдерде білім алды. Сондай-ақ жергілікті жерде орта білім ордалары мамандар дайындауда. Оларды металлургия саласына тарту керек. Меморандум келісімдеріне сәйкес «Тау-кен Самұрық» ҰТК АҚ бірнеше әлеуметтік жобаларды жүзеге асыратын болады. Мәселен, жол салу, кеншілер саябағын жасау,

қонақ үй құрылысын жүргізу секілді шаралар қарастырылған.

Мұнан соң сөз алған «Тау-кен Самұрық» ҰТК АҚ басқармасының төрағасы Қанат Құдайбергін Шалқия кенішіндегі жобалау жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп жатқанын жеткізді. Ал тау-кен байыту фабрикасы бойынша жобалау жұмыстары жыл соңында аяқталмақ. Қазан айының соңында жерасты жұмыстарын жүргізетін мердігерлер жұмысқа кірседі деп жоспарланып отыр. Келесі жылы жер үстіндегі жұмыстарды жүргізу басталады деп күтілуде. Қазіргі күні электрмен қамтамасыз ету нысандары, су құбыры құрылысы аяқталса, газ құбырын жүргізу жоспарланады. Сондай-ақ кеншілер аллесаын, кеншілер саябағын салу жұмыстары

басталады. Энергиямен қамтамасыз ету нысандарына толықтай жөндеу жүргізіледі. Кенішті одан әрі абаттандыруға тұрақты түрде көмек көрсетілетін болады. Пандемия кезінде Жанакорған аудандық ауруханасына дәрі-дәрмек және арнайы тыныс алу аппараттары жеткізіліп көмек көрсетілді. Шалқияда кен байыту фабрикасы салынып біткен кезде 2,5 мыңдай адам жұмыспен қамтылатын болады. Арнаулы мамандарды жергілікті жерден дайындау мақсатында аудан орталығындағы кәсіптік білім беру орнымен келісім жасалған. Қазіргі жұмысшылардың 90% – облыс тұрғындары. Басқарма төрағасы сонымен бірге қазіргі жобалау жұмыстары шеңберінде көптеген жаобдықтар мен құрылыстарды жергілікті өндірушілерден алу жоспарланып отырғанын айтты. Бұл мақсатта жергілікті кәсіпкерлермен кездесулер өткізілетін болады.

Мұнан соң облыс әкімі Г.Әбдіқалықова, басқарма төрағасы К.Құдайбергін және «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ бас директоры Дамир Кәрім меморандумға қол қойды.

«СБ» ақпарат

● БӘРЕКЕЛДІ

Атыраумен арадағы алғашқы рейс

Қызылорда мен Атырау арасы жақындады. Жұма күні «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайынан «Қызылорда – Атырау» бағытындағы жаңа тұрақты әуе рейсі ашылды. Бірінші кезекте мұнайлы өлкеден ұшақ ұшып келді. Атырау сағат өткен соң Қызылордадан Атырауға алғашқы ұшақ көкке көтерілді.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Бұл облыс тұрғындарына үлкен жаңалық болып отыр. Екі қала арасындағы әуе қатынасын «FlyArystan» компаниясы жүзеге асырады. Бұрын екі араға темір жол арқылы 2-3 тәулік уақыт кететін. Енді 1 жарым сағатта баруға мүмкіндік туды. Ұшақ аптасына екі рет бейсенбі және жұма күндері қатынайды. Бағасы – қолжетімді. Әуе қатынасы бизнестің дамуына да септігін тигізеді. Қызылордадан Атырауға ұшақалы отырған қала тұрғыны Раиса Камиева:

– Бұл біз үшін тиімді болды. Қанша уақытымыз үнемделеді. Жолакисын да қалта көтереді.

Бұрын пойызбен қатынап, бірнеше күнде жететінбіз. Енді жол қысқарды. Жаңалықты естігенде қуанып қалдым. Бір ай бұрын билет сатып алдым. Билет құны – 6990 теңге. Ертерек алсаң, бағасы да көңілге қонымды. Негізінен өзім Атыраудың тумасымын. Тұңғыш немеремді туған жеріме алып бара жатырмын, – дейді ол.

Ал, Гүлзада Үмбетбаева Атыраудан Қызылордаға алғашқылардың бірі болып ұшып келді. – Жаксы ұшып жеттік. Бұрын Қызылордаға келу үшін 2-3 күніміз жолда өтетін. Әсіресе, балалармен жол жүру қиынға соғатын. Енді мұндай күндер артта қалды. Бір сағат жиырма минутта Қызылорда әуежайына қондық. Сонымен қатар «FlyArystan» әуе компаниясының қызметі ұнады, – дейді ол.

Ал, облыстық жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тлеумбетов бұған дейін өзге облыстарға әуе қатынасын орнату үшін бірнеше әуе компаниясына ұсыныс білдіргенін айтты. «FlyArystan» әуе компаниясы бірлесіп жұмыс жасауға келіскен.

Қазір індетке байланысты кейбір әуе қатынасы тоқтатп тұр. Жалпы, «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайынан Нұр-Сұлтан, Қарағанды және Алматы қалаларына аптасына 37 рейс тұрақты қатынайды.



БІРЛІКТІҢ, ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ӨРЛЕУДІҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Конституция – Тәуелсіздігіміздің ең басты тірегі және кепілі. Қай дәуірде, қай қоғамда болмасын, кез келген елдің пайда болуы мен мемлекеттің қалыптасуы, дәуірлеп-өрлеуі белгілі бір құқықтық жүйеге сүйеніп жүзеге асатыны тарихтан белгілі.

**Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА,
Қызылорда облысының әкімі**

Әлемдік конституционализм үдерісінде біздің бүгінгі түсінігіміздегі жазбаша конституция тұңғыш рет 1787 жылы Америка Құрама Штаттарында өмірге келгені белгілі. АҚШ-тың негізін қалаушылардың бірі, үшінші Президент Томас Джефферсон ел Конституциясын: «Бұл біздің еліміздің бар даналығының қосындысы», – деп ерекше құрмет тұтады. Дегенмен, әлемде Конституциялары жоқ елдер де кездеседі.

Бүгінгі Қазақстан мемлекетінің ұйытқысы Ата Заңымыз мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын, ата-бабаларымыздың ар-ожданы мен биік парасатынан тұратын бірлік, тыныштық идеясын өз бойына сіңірген. Қабылданғанына 25 жыл болған тарихи құжаттымыз – әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі. Алайда, халықаралық сарапшылардың пікірінше, еліміздің Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады.

Қазақ даласында мемлекеттік пен құқықтық дәстүр өзінің түп-тамырын ғасырлар қойнауынан тартады.

Ұлы даланы дүр сілкіндірген Ұлы Түрік қағанаттары VI ғасырда Еуразия кеңістігіне үстемдіктерін жүргізіп, мемлекеттерін нығайтып, заңдарын шығарып, халқын кемелдікке жеткізе алды. Әлемге әйгілі Күлтегін ескерткішінде бұл жөнінде былай деп жазылған: «Әлемнің көгінде аспан, төменінде қоныр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адамзат баласының үстінен менің бабаларым Бұмын қаған мен Истемі қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, түркі заңдарын шығарып, оны бекітті».

Қытай жылнамаларына сүйенсек, түркілердің мемлекеттік заңы негізгі бес баптан тұрған және ең қатал жазалар көтеріліс жасап, бүлік шығарғандар мен халықтың мүддесін сағып, елге опасыздық жасағандарға берілген.

Ұлы дала халқының мыңдаған жылдар бойы өзіндік әдет-ғұрыптары мен дала заңдары болған. Дәстүрлі дала заңының бір ерекшелігі – әділдік жолын ұстаумен бірге, сөз өнерін, шешендік, тапқырлық, айтқыштық өнерді де жоғары бағалап, оған жүгінген. Соған лайық әділ билердің өзін де, сөзін де қадір тұтып, олардың есімін аузынан тастамаған. Мәселен, халық жадында ерекше сақталып, төбе би атанған атақты ұлы дала ойшылы Майқы «Хан ақылды, әділ болса, қарашасы ынтымақты, батыл болса, қара жерден су ағызып, кеме жүргізеді... Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, ел болуды ойлаңдар», – деп халықты бірлікке шақырған, елдік мүддені көздеген өсиет қалдырған.

Ерте орта ғасырда түркі бабаларымыздан бастау алған заң түзу қызметі, қазақ хандығы тұсында Қасым ханның, Есім ханның және Тәуке ханның тұсында өз жалғасын тапты. Олар – қазақ мемлекетінің іргесін нығайтуда ерекше рөл атқарған ірі мемлекет қайраткерлері.

Қасым ханның есімімен байланысты «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған кешенді заң жинағы – қазақ мемлекеттілігінің тарихында ерекше орын алатын маңызды құқықтық құжат. Бұл заңның негізгі мазмұны Қасым ханның сол кезеңдегі жүргізген мемлекеттік саясатымен тығыз байланыста құрылып жасалған. Ал «Есім ханның ескі жолы» заңдар жинағы сол дәуірдегі қазақ қоғамындағы азаматтық және басқа да құқықтық ережелерді, мемлекеттік басқару жүйесін реттеуге бағытталған негізгі заңы болып есептеледі.

Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы қазақ хандығы үшін абыройы асып, көсегесі көгерген ерекше бір кезең болды. Бұл жайында белгілі орыс тарихшысы Алексей Левшин: «Тәукенің атын аласақ, бар қазақтың жүрегін алғыс кернеп, мақтаншы

билейді... Күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты», – дейді. Қазақ қоғамына осындай біртұтастық дарытып, ынтымақ орнықтырған ежелгі ереже-қағидалардың, салт-дәстүрлердің жүйелі жиынтығы – атақты «Жеті жарғы» еді. «Жеті Жарғы» баба даналарымыздың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын мемлекет басқару мен биліктің қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескере отырып, жан-жақты байыпталған құқықтық мұрасы болды.

Осы игілікті істердің басында сол кезеңнің үш данасы, үш кеменгері деп танылған Төле би, Қазыбек және Әйтекелер жүрді. Жарғыны дайындауда сол кездің тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық һәм әлеуметтік ортасына икемдей түсіп, сәйкестендіре екішеш, жаңғыртып жасаған. Сөйтіп тек билердің ғана емес, бүкіл қазақ халқының саяси-әлеуметтік, рухани-танымдық, салт-саналық болмысын тұтастыра көрсететін құжат дүниеге келді.

«Жеті Жарғы» қазақ мемлекеттілігінің құрылымын қорғауға және оның территориялық тұтастығын, ұлттық бірлігін сақтауға бағытталған заманауи озық ережелерден тұрды. Қазақ хандары жолға қойған осы жарғыларды дала конституциясы санасақ, оның «баптарының» сөз бастаған шешендер арқылы қалай өрбігеніне, абыз ақсақалдардың қалай таратып, жөнге салғаны тарихтан белгілі.

Қазан революциясынан бастау алған Кеңестік кезеңде Қазақстанның үш Конституциясы қабылданды. Оның ең алғашқысы – 1926 жылы, екіншісі – 1937 жылы, үшіншісі – 1978 жылы қабылданған Конституция.

Өткен ғасырдың 90 - жылдары Еуразия кеңістігінде жетпіс жылдан астам билік құрған Кеңес мемлекеті тарих тұңғығына еніп, оның орнында тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Солардың бірі – Қазақстан Республикасы. Тәуелсіздігін жариялап, әлем елдерімен терезесі тең қарым-қатынас орнатуды мұрат еткен Қазақ елі уақыт талабына сай Конституцияны қабылдауды қолға алды. Бұл туралы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс», – деп атап өткен болатын.

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. Оның бұрынғы Қазақ КСР Конституциясымен салыстырғанда едәуір айырмашылығы мен өзгешелігі болды. Дегенмен, бұл бірінші Ата Заңның елеулі жетіспеушілігі мен кемшілігі де бар еді. Себебі Конституцияны жасау барысында ел ішінде болып жатқан қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық, т.б. процестерді кешенді түрде ой елегінен өткізу, мемлекетіміздің мүмкіндіктері мен жоспарларын ғылыми тұрғыдан нақты айқындау мәселесі жетіспеді.

Осы уақытта жас тәуелсіз мемлекеттің жаңа Конституциясын қабылдау қажеттілігін уақыттың өзі алға тартты. Елімізде конституциялық реформа жүргізу қажеттілігі туды.

Конституцияны қабылдау қарсаңында заң мерзімді қызу жұмыстар жүргізілді. Елбасының бастамасымен құрылған сарапшылар көптеген әлем елдерінің Конституцияларын, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында қабылданғандарын мұқият сараптаудан өткізді. Мемлекет басшысының өзі ыждағаттылықпен Еуропа мен Азияның, Солтүстік Американың барлығы 20-дан астам дамыған елдердің конституцияларын



талдап, саралап, өз қолымен Әділет министрлігіне жаңа Конституцияның жобасын тапсырған болатын.

Жаңа Конституция жобасының негізіне адам және азаматтардың бостандықтары мен құқықтарының үстемдігі, берік конституциялық мемлекет құру тұжырымдамалары салынды. Өзінің құрылымы мен заңдық негізі жағынан еліміздің жаңа Конституциясы белгілі дәрежеде Француз Республикасы, АҚШ, Корей Республикасы сияқты демократиялық өзгерістерді іске асыру мақсатында халық пен мемлекеттің мүдделерінің бірлігіне ең жоғары кепілдік үшін биліктің барлық салаларын үйлестіруді қамтамасыз ететін елдердің дәстүрлі Конституцияларына негізделді.

Конституция жобасын талқылауға еліміздің белгілі заңгерлерінен бөлек, Францияның Конституциялық және Мемлекеттік Кеңесінің мүшелері, Ресей зерттеу орталығының ең беделді заңгерлері қатысты. Сонымен қатар, құжатты талқылауға 3 млн 345 мың адам қатысып, 31 мың 886 ұсыныс түсіріп, оның 1 мың 100-і конституция жобасына енгізілді.

30 тамыз күні – жалпыхалықтық Референдумға сайлаушылардың 90,58 проценті қатысып, олардың 89,14-ті жаңа Конституцияны қолдады.

Бұл тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынып, елдің пікірі ескерілген халықтық Конституция болды.

Конституцияда Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігі, мемлекеттің ең жоғары құндылығы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі көрсетілген. Биліктің бірден-бір бастауы халық болып танылды.

Конституция бойынша Қазақстан Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету құқына ие болды. Бұл елімізде күшті Президенттік билік вертикалінің қалыптасуына жағдай жасап, жас мемлекетіміздің орнықты әрі жүйелі дамуына, әлемдік кеңістікте өзінің орнын ойып тұрып алуына негіз жасалды.

Осылайша, 1995 жылғы Конституция Қазақстанның қазіргі мемлекеттілігінің негізін салды. 1998, 1999, 2007, 2017 және 2019 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулар саяси билік институттарын әрі қарай жаңғыртуға, билік тармақтары арасындағы қатынастарды реттеп, қазіргі заман талаптарына сәйкестікке келтіруге бағытталған.

Бүгінде Конституциямыз еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізіне айналып, заң үстемдігінің шынайы үлгісін көрсетіп отыр. Конституциялық нормаларды қатаң

сақтай отырып, елімізде Президенттік биліктің демократиялық принциптер негізінде алмасуы орын алды.

2019 жылдың маусым айында өткізілген Президенттік сайлауда «Ігілік баршаға! Сабактастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауды тұғырнамасымен Елбасының сенімді серігі, ірі мемлекеттік қайраткер Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың қолдауына ие болып, ел Президенті атанды.

Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр. Біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз», – деп мемлекеттік дамудың жаңа белестерін белгілеп берді.

Бүгінде Алаштың анасына баланған қасиетті Сыр өңірінде жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстардың нәтижесінде тұрғындардың әлауқаты өсіп, кемел болашаққа деген сенімдері артуда. Ағымдағы жылдың 1 маусымына облыс тұрғындарының саны 808,1 мың адамға жетті. Олардың – 96,3% қазақтар, 1,8% орыстар, және басқалары.

2019 жылы жалпыөндіріс өнім көлемі 1831,8 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 101,0% көрсетті.

Аймағымыз минералды-шикізат ресурстарының айтарлықтай әлеуетіне ие. Олар: көмірсутек шикізаты, түсті металдар, уран, ванадий, ас тұзы және жерасты сулары.

Сонымен қатар, өңір күрші егу бойынша еліміздің дәстүрлі көшбасшысы, күршінің 90% - ға жуығы облысымызда өндіріледі. Жұрдың маржанына айналған күрші, қауыны мен қарбызы алыс және жақын шетелдерге танымал. Бүгінде аталған дақылдар облыс брендіне айналды.

Әлемді өзінің құрсауына алған COVID-19 пандемиясына қарамастан, облыс дикандары 184,7 мың га ауылшаруашылық дақылдарын екті. Биылғы жылы алғаш рет егісті әртарапандыру бағытында перспективалы дақылдар қант құмайы 70 гектарға, соя 240 гектарға, жүгері дақылды 1667 гектарға дейін жеткізіліп, ылғал сақтағыш аквагельдерді пайдалану арқылы 80 гектар бogarлы жерлерге күздік бидай дақылды егілді.

Қазіргі таңда аймақтың экспорттық әлеуеті артып, өңірдің күрші өсірушілері өз өнімдерін Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Әзербайжан, Моңғолия, Тәжікстан, Өзбекстан және Иракка экспорттауда.

Облысымызда емдік қасиеті өте жоғары бағаланатын, дәрумендерге бай, ағзаға пайдалы шұбат сусынын өндіру жыл сайын артып келеді.

Быттыр еліміз бойынша 16827,6 тонна түйе сүті өндіріліп, оның 4623,8 тоннасы немесе 30 пайызға жуығын

облыстың тауар өндірушілері өндірген. Мәселен, Шиелі ауданына қарасты «Аруана» шұбат өңдеу кәсіпорны тәулігіне 1 тонна шұбат, 1 тонна сиыр сүті, қаймақ, йогурт, сүт, айран, сүзбе, құрт, және балмұздақ өнімдерін нарыққа шығаруда.

Облысымыздың аграрлы-индустриалдық қуатын арттыру бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Атап айтар болсақ, жыл соңына дейін индустриаландыру бағдарламасы аясында құны 44,2 млрд теңге болатын 3 жоба іске асырылуда. Олар: Арал ауданында «Балықты терең өңдеу зауытының және пластикалық қайықтар шығаратын цехтың құрылысы» жобасы, Қармақшы ауданында «Қуаттылығы жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасының құрылысы» жобасы, «Қызылорда қаласында қуаты жылына 197 100 тонна табақ шыны өндіру және өңдеу зауытын салу» жобасы.

Облыс көлемінде әлеуметтік салаға ерекше назар аударылуда. Қазіргі таңда бұл бағытта 214,1 млрд теңге, оның ішінде білім беруісіне – 155,0 млрд теңге, денсаулық сақтау саласына 8,5 млрд теңге бөлінді.

Конституцияда азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріліп, міндеттелген. Сондай-ақ, мемлекеттік жоғары және орта арнаулы оқу орындарына конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

Қазіргі таңда облыстағы 673 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 59 659 бала тәрбиеленуде. 3 пен 6 жастағы балалар 100% балабақшамен қамтылған.

Биыл облыстың 293 мектебінде 168 мыңнан астам оқушы білім алады деп жоспарлануда. Назарбаев зияткерлік мектептерінің озық тәжірибесін тарату мақсатында 46 инновациялық мектептер желісі құрылған. Оларда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер тереңдетіліп оқытылуда.

150 мектепте химия, биология, информатика, физика пәндерінің элементтері пилоттық негізде ағылшын тілінде оқытылуда. 122 мектепте робототехника және «3D-модельдеу» кабинеттері жұмыс жасайды.

Өткен жылы мектеп бітірушілерінің 98% колледждер мен университеттерге оқуға түсті. Оның 65% жоғары оқу орындарында мемлекеттік грант есебінен білім алуа.

Облыстың 30 колледжінде 20365 студент білім алса, 3 жоғары оқу орнында 9826 студент бар. Жекеметтік-мемлекеттік әріптестік негізінде 400 орындық жатақхана құрылысы жүргізіліп, студенттер қауымына табысталамақ.

Сыр өңірі – қазақ халқы мәдениетінің құртамасындай. «Сыр елі – жыр елі» деген сөз соның дәлелі болса керек. Бүгінде облысымыздың мәдениет саласы айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп отыр.

2020 жылы «Қорқыт ата мұраларының ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне» енгізілуіне орай облыстық филармония жанынан «Қобызшылар» ансамблі құрылды. Сыр сулейлерінің мақам-саздары мен жыр термелерін жаңғырту, Қорқыт мұраларын насихаттау мақсатындағы «Жыр мұра» жобасы аясында Қазалы, Жалағаш, Сырдария, Жанақорған аудандарында «Жыр-терме» және облыстық мәдениет ұйымдарында «Қобыз» үйірмелері ашылды.

Бүгінде аймақ халқының тегеурінді еңбегінің арқасында облысымыздың әлеуеті күн санап артып келеді. Әлемнің бәсекеге қабілетті, ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу мақсатында елімізде кешенді жұмыстар атқарылуда. Қазақстан жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар еліне айналды.

Өзінің 25 жылдығы қарсаңында Конституциямыз ел дамуының өміршең құжаты екенін көрсетіп, тәжірибелік маңыздылығын дәлелдей алды.

Әрине, тарих ауқымымен алғанда, бұл – азғантай ғана мерзім. Десе де, осындай алмағайып заманда Қазақстанның Ата Заңы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты көрсете білді.

Құрметті жерлестер! Конституциямыздың 25 жылдық мерейтойы құтты болсын! Еліміз тұғырлы, болашағымыз жарқын, тәуелсіздігіміз баянды болсын!

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖҮГІ АУЫР

Қызылордада журналистердің аяғына оратылатын кедергі аз емес. Ақпарат алудың қиындығы, кадр даярлаудағы кемшілік, маман тапшылығы – осылай жалғастыра беруге болады. Өзекті мәселелерді БАҚ өкілдері облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықовамен кездесуде көтерді.

Sp Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Аймақ басшысы алдымен Конституция күнімен құттықтап, елдің өсіп-өркендеуіне Ата Заңымыздың ықпалы зор екенін атап өтті. Сонымен қатар, коронавирусы инфекциясы жөніндегі статистикаға тоқталды. 27 тамызға дейін 3231 адам ауру жұқтырса, соның 93 проценті емделді. Эпидемиологиялық ахуал жақсарды. Алайда, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы осы күзде індет қайта өршуі мүмкін екенін ескертіп отыр. Сақтанған адам сау жүрер. Карантин талабы біртіндеп жеңілдетілгенімен, ауырмаудың жолы – қарапайым амалдарды атқаруды тоқтатпау керек.

Бүгінде іс-шаралар жоспары әзірленуде. Дәрі-дәрмек резервін қалыптастыруға 350 млн теңге қаралды. Қажеттілікке қарай 21 инфекциялық және провизорлық объект дайын. 200 төсек-орынды қамтитын инфекциялық аурухана құрылысы басталады. Денсаулық сақтау министрлігінен өкпені жасанды жолмен желдететін 96 аппаратты күтіп отырмыз. Одан бөлек, жергілікті бюджет есебінен 4 флюороаппарат пен 4 стационарлы рентген сатып алынады, – деді облыс әкімі.

Қазалы, Шиелі ауданында, Қызылорда қаласында оттегі станциялары салынады. Соның 2-нің құрылысы «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз», «Қазі ЕрМұнай» компа-

нияларының демеушілігі негізінде жүзеге асырылады.

Карантиндік шектеуден кейін экономиканы қайта қалпына келтірудің өзектілігі артатыны белгілі. Осы орайда облыс әкімі жол жөндеу, су, жылу жүйесін жаңғырту, энергиямен қамту, жаңа жұмыс орындарын құру, ауыл шаруашылығын, әлеуметтік саланы дамыту бағытындағы бастамаларға тоқталды.

Елдің барын бағалап, жоғын түгендеуде журналистиканың көтеретін жүгі ауыр. Жаһандық тұрақсыздық жағдайында да әріптестеріміз әлемді алаңдатқан ахуал туралы ұдайы ақпарат таратып, пандемиямен күрестің алдыңғы шебінде жүрді. Сонымен қатар, ақпарат құралдары – Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын Үкімет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың бірден-бір тетігі.

Бүгінде облыста 101 БАҚ бар. Оның 12-сі – мемлекеттік, қалғаны – тәуелсіз. Барлығында 2,5 мыңнан астам адам еңбек етеді.

Нақты және жедел ақпарат таратуды мақсат еткен, заман талабына сай дамудың даңғыл жолын таңдаған саланың әлеуеті жоғары. Оны пандемия уақытында анық байқадық. 17 тамыздан бастап Қазақстан карантин талаптарын біртіндеп жеңілдетуге көшті. Бірақ сақтық шаралары жалғасады. Мұны халыққа сіздермен бірге



жеткізуге тиіспіз, – деді аймақ басшысы.

Республикалық, жергілікті телеарналар мен баспа басылымдарының басшылары, тілшілер көкейдегі мәселелерге көңіл бөлді.

Ақпарат алуадағы қиындық тілші қауымына ортақ. «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС құрылтайшысы Шаһизада Әбдіқаримов көптеген мекемеде ашықтық пен жариялылық жоқ екенін сыныға алды.

Қандай да бір проблема туралы жазба немесе сюжет дайындағанда қос тараптың да үніне құлақ асқымыз келеді. Алайда, құзырлы орындардың басым бөлігі түсініктеме беруден қашады. Сондықтан департамент, басқарма және өкілдіктердің публік рилейшнз қызметін жетілдіретін уақыт жетті. Олар бізбен тұрақты байланыс жасап, халықтың

мәселесіне дер кезінде үн қосып отыруы қажет, – деді Ш.Әбдіқаримов.

Тілшілермен тікелей араласатын баспасөз хатшылары бірден-бір мекемеде жұмысын жақсы жолға қойған. Көп мекеме осылардан үлгі алуы тиіс. Журналистер өзінің басты көрегі – ақпаратқа қолжетімділік мәселесінің өзектілігін кездесуде ашық жеткізді.

Одан бөлек, республикалық «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы тәуелсіз БАҚ өкілдеріне мемлекеттік тапсырыс беру мәселесін көтеріп, онлайн платформалар арқылы сала басшыларының журналистермен кездесуін ұйымдастыруды, ортақ мәселелерді талқыға салатын кері байланыс тетіктерін іске асыруды сұрады.

– Мемлекеттік ақпараттық

саясатты жүзеге асыруда тәуелсіз БАҚ-тың да орны ерекше. Алайда, көбіне қаржылай қолдаудан құр қалып жатады. Сондықтан оларды теңдей көріп, іс-шаралар жоспарына қосса дұрыс болар еді, – деді Н.Көбегенұлы.

«Хабар» телеарнасының меншікті тілшісі Нұрлан Жақыпбек маман даярлау мәселесін қайта қарауды, сала ардагерлері мен осы салада тер төгіп жүрген тілшілер қауымын ынталандыру бағытында түрлі шаралар өткізуді ұсынды.

Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев егіс алаңтарындағы су тапшылығы проблемасын алға тартып, тіршілік нәрін үнемдеу мәселесіне айрықша назар аударуды сұрады.

– Су тапшылығы жөнінде мамандар 2 жыл бұрын дабыл қақты. Сол кезде 1000

гектарға жуық күріш шықпай қалып, дикандардың еңбегі зия кетті. Бірақ әлі күнге егін шаруашылығын әртарап-тандыруға мән берілмей отыр. Сала құрылымдары басты дақыл көлемін шектеу туралы тапсырманы айналып өтуге тырысады, – деді ол.

Өзекті сауалға өңір басшысы нақты жауап берді.

– Су тапшылығы егін шаруашылығына әсер етпей қоймады. Мұны біз білеміз. Осы жағдайды ескере келе, ауыспалы егіс жүйесіндегі күріш көлемін 75-80 мың гектарға тұрақтандырып, мал азығы түріндегі дақылдар көлеміне басымдық беруді көздей отырмыз, – деді облыс әкімі.

«Қазақстан» ұлттық арнасының тілшісі Әділбек Жақанов жол салудағы кемшіліктер туралы айтты. Өйткені кеше ғана жөнделген немесе қайта салынған жол көп ұзамай ой-шұңқырға айналып, тұрғындардың сынына ұшырайтын жағдайлар аз емес. Әріптестіміз сонымен қатар қауіпті індет тұсында балалардың қауіпсіздігі үшін білім ошақтарына дезинфекциялық дәліз орнату мәселесін ортаға салды.

Бұған облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова жауап берді.

– Залалсыздандыру құралдарын сатып алуға үнемделген қаржыны бағыттадық. Ата-аналар мен мұғалімдерден ақша жиналмайды, – деді ол.

Облыс әкімі ақпараттық қолжетімділікке қатысты әрбір қысшыны саралай келе, тіпті сала басшыларына осы бағытта жұмыс жүргізу алгоритмін бекітуді тапсырды. Сондай-ақ, БАҚ өкілдерімен емен-жарқын кездесу шаралары өтіп тұратынын жеткізді.

● КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛІК ТОСҚАУЫЛ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысы өтті. Жиында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Б.Данилов облыс аумағындағы өндірістік орындар мен тұрғын үйлердегі, орман шаруашылықтары мен шалғай орналасқан елді мекендердегі өрт қауіпсіздік жағдайы және облыс әкімінің орынбасары Н.Байқадамов коронавирус инфекциясына қарсы атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

2020 жылдың 7 айында облыс бойынша 321 өрт оқиғасы орын алған. Жалпы өрттің негізгі себептері – электр құралдарын пайдалану ережесін бұзу, балалардың отпен ойнауы, тұрмыстағы және объектілердегі жылыту пештерінің ақауы және басқа да жағдайлардан болып отыр. Бүгінгі күнге облыс аумағындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 14 мемлекеттік өрт сөндіру бөлімі және 2 өрт сөндіру бекеті жұмыс жасайды. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті 620 қызметкер және 93 бірлік өрт сөндіру автотехникасымен қамтылған.

Облыс басшысы өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша бірлесіп қарулы жұмыс жүргізіп келеді. «Алдағы жылу беру маусымында тұрғындардың ету мақсатында қала және аудан әкімдері өз бюджеттері есебінен әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасылар тұратын үйлерге көмірқышқыл және табиғи газды анықтайтын құрылғылар орнату жұмыстарын жалғастырып. Облыс көлеміндегі жарылғыш заттар мен аммиактық селитра сақтайтын, оттегі толтыру нысандары мен газ толтыру стансаларына өнеркәсіптік қауіпсіздігі талаптарының сақталуы бойынша жоспардан тыс тексеру жұмыстарын ұйымдастыру керек. Орман және дала өрттерінің алдын алуға арналған күш-құралдардың

дайындығын қамтамасыз етіңіздер. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы ғимараттар санының өсуіне байланысты өрт сөндіру депосын салу үшін жұмыс жасау қажет», – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ қала және аудан әкімдеріне өз аумақтарындағы шалғай орналасқан елді мекендерде құрылған өрт сөндіру бекеттерін кезекші ауысымға, өрт сөндіру автомобильіне арналған телефон байланысымен, электр энергиясымен, жылумен және сумен қамтамасыз етілген ғимараттармен қамтамасыз ету үшін қаржы бөлуі және облыс әкімі бекіткен «2021-2025 жылдарға мемлекеттік өртке қарсы қызметі жөніндегі кезеңдерде кезең-кезеңмен өрт бекеттерін құру» жоспарын іске асыруды тапсырды.

Облыста коронавирус індетін жұқтырған барлығы 3229 адам тіркелген. Науқастардың бүгінгі күнге дейін 93,7%-і (3024) жазылып шықса, аталған инфекциядан облыс бойынша 9 науқас қайтыс болды. Сонымен қатар, коронавирус инфекциясымен қоса, пневмониямен аурушандықтың өсуіне байланысты тіркеудің жаңа тәртібі енгізілді.

Күшейтілген карантиндік режимді іске асыру барысында облыста эпидемиологиялық жағдай біршама тұрақталды. Оның дәлелін облыстық медициналық жедел жәрдем стансасына келіп түскен шақыртулар санынан көруге

болады. Ең көп шақырту 28 маусым күні түсіп, 2120-ны құраған. Бүгінгі күні шақыртулар саны 52,4%-ке қысқарды.

Эпидмаусым басталғанда облыста барлығы 976 төсек-орын ұйымдастырылған болатын. Шілде айының басында стационарлар жүктемесінің 85%-тен артуына байланысты, төсек орын саны 2405-ке артты.

Қазіргі таңда облыс бойынша төсек-орын тапшылығы жоқ. Алайда қажет болған жағдайда 3000 төсек-орындық 21 инфекциялық стационар қайта ашылатын болады.

Сонымен қатар, үй жағдайында дәрігерлік және диагностикалық бақылауды қажет ететін науқастарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында мобильдік бригадалар ұйымдастырылды. Олардың 38-і қалада, 28-і аудан орталықтарында және 95-і елді мекендерде қызмет атқарады.

Эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлерін қаржылық қолдау және COVID-19 коронавирустық инфекциясын жұқтырған немесе аталған инфекциядан қайтыс болған медицина қызметкерлеріне бірқолғы әлеуметтік төлем қарастырылған. Осы ретте 9988 қызметкерге 2062270,4 мың теңге төленді.

Облыс әкімі коронавирус инфекциясына қарсы шараларды жалғастыруды тапсырды. «Кәсіпкерлермен келіссөздер жүргізіп, медициналық ұйымдарды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін қарастырыңыздар. Облыстағы қажетті дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жеткілікті болуы және қорғаныш заттарының көмегінде 30 күндік қоры жасақталуы керек», – деді облыс әкімі.

«СБ» ақпарат



ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ШИРЕК ҒАСЫРЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл толуына орай облыстық ҚХА құрылымдары және этномәдени бірлестіктің жетекшілерімен кездесті. Шара Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихынан сыр шертетін «Жасампаз 25 жыл» фотогалереясымен танысудан бастау алды.

Мұнан соң аймақ басшысы ҚХА-ның этнос өкілдерін бір арнаға тоғыстырып, еліміздегі татулық пен ауызбірлікті арттыру мен тәуелсіздігіміздің нығая тарихындағы рөлін айрықша атап өтті.

Бүгінгі басқосуымыз Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығы қарсаңында өтеді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясына биыл 25 жыл толып отыр. Қатар келген қос мереке құтты болсын!

Өздеріңізге мәлім, Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің өміршең құралына айналды.

Ұлтқа ұя, жығылғанға пана бола білген қасиетті «Сыр өңірінде» «бейбітшілік», «тыныштық», «тұрақтылық» деген маңызды ұғымдарды қалыптастыруда толымды істердің атқарылғанын айта аламыз. Бұл игі істерде сіздердің де өзіндік үлестеріңіз бар. Бүгінде баршамыздың басты мақсатымыз – елімізде қоғамдық келісім мен тұрақ-

тылықты сақтап, этносаралық татулықты қамтамасыз ету, толымды жетістіктерімізді еселеп, әлеуметтің әлеуетін көтеру. Осы міндеттерді орындауда облыстық ҚХА қызметін жаңа деңгейге көтеріп, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі мен мәртебесін арттыруда, өңірдегі достық пен бейбітшілікті нығайтуда бірлесіп жүйелі жұмыс атқаратын боламыз, – деді облыс әкімі Г.Әбдіқалықова.

Шара барысында бірлестік жетекшілері өңірдегі ҚХА-ның қызметін жандандыру және оның рөлі мен маңызын арттыру бағытындағы ұсыныстарын ортаға салды. Мәселен, «Славяне» қоғамдық-мәдени орталығы» облыстық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Галина Шербакова бейбітшілік пен келісім мекеніне айналған Сыр өңірі жайлы айта келе, Белкөл кенті мен Рысқұллов көпесінде орналасқан бейіттердің айналасына жөндеу жұмыстарын жүргізу, жоғары және орта оқу орындарында орыс тілінен дәріс алатын топтар ашуға ұсыныс білдірді. «Қазақстан корейлер қауымдастығы» об-

лыстық қоғамдық бірлестігінің төрайымы Елена Ким Корей этномәдени бірлестігінің 30 жылдығына байланысты энциклопедиялық ақпараттық жобаны ұсынып, сондай-ақ, Қызылорда политехникалық колледжінде ұзақ жыл қызмет атқарған Алексей Цойға арнап музей ашуға ұсыныс жасады. Ал, облыстық өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Қахар Дадашев өңірдегі кәсіпкерлік саласы, қайырымдылық бағытындағы Ассамблеяның рөлі туралы ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, облыстық татар этномәдени бірлестігінің төрайымы Галия Гизатуллина этномәдени бірлестіктердің ұлттық мерекелері туралы ойын ортаға салса, облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Нұрсауле Мусаева отбасы және ұлттық тәрбие құндылықтарын насихаттаудағы Аналар кеңесінің рөлі туралы сөз етті.

Ұсыныс пікірлерді тыңдаған облыс әкімі көтерілген мәселелердің шешім табуына ықпал ететіндігін жеткізді. Сонымен бірге, жасампаздықтың, ізгілікке толы 25 жыл ішінде қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауға қосқан елеулі үлестері үшін облыстық этномәдени бірлестік пен құрылым жетекшілеріне «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 25 жыл» мерекелік медалін табыстады.

«СБ» ақпарат

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 25 ЖЫЛ



Құрметті жерлестер!

Сіздерді еліміздің мемлекеттік мерекесі – Қазақстан Республикасының Конституция күнімен құттықтаймын! Қазақстанды демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде бекіткен Ата Заңымыз – Конституциямыздың қабылданғанына 25 жыл толып отыр.

Азаматтығымыздың айшықты айғағы болған біздің Ата Заң – Тәуелсіздіктің теңдессіз тарихи тартуы, әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі.

Тұғырлы тәуелсіздігіміздің кепілі, еңселі егемендігіміздің тірегі – Ата Заңымыз сіз бен біздің азаматтық құқығымызды қорғап, тең өмір сүрімізді қамтамасыз ететін қасиетті де қастерлі, мәртебелі құжат.

Әрбір қазақстандық Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді. Сондықтан

да бүгінгі мерекенің Сіздер үшін орны ерекше.

Құрметті жерлестер! Сіздерді бүгінгі төл мерекемізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел болашағы мен халық игілігі жолындағы нәтижелі істеріңізге сәттілік тілеймін!

Тәуелсіздігіміз баянды болып, бірлігіміз нығая берсін.

Қылышбай БИСЕНОВ,
облыстық әмелихат хатшысы,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
техника ғылымдарының докторы,
профессор

Алтын қазық Ата Заң

Қай мемлекетте де оның әрбір азаматының ерік-жігері мен таңдауы сол елдің басты заңы аясында жүзеге асады. Бұл тұжырым Конституцияға тікелей қатысты. Еліміздің басты құжатын ұлттық құндылықтар мен азаматтық қадір-қасиеттің негізі деуге әбден болады. Сонымен бірге мемлекеттіліктің бастауы мен біртұтастығының қайнар көзі ретінде орнығып үлгерді.

Қазақ тарихында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», аз Тәукенің «Жеті жарғысы» сынды заң үлгілері болғаны белгілі. Ата Заңымыз солардың жалғасы ретінде 25 жылда орлеу мен рухани жаңғыруымыздың, саяси тұрақтылықтың алтын қазығы бола білді.

Қызылорда қалалық сотының төрағасы Мұхтар Еркінбековпен Конституция күні қарсаңындағы сұхбатымыз басты заңымыздың салмағы және сотқа жүктелген жауапкершілік турасында өрбиді.

– Конституция аз Тәукенің «Жеті жарғысы» сияқты әділеттік пен құқық нормаларына қаншалықты жауап береді?

– Тура ширек ғасыр бұрын жалпы-халықтық референдум барысында Конституция қабылданды. Ол кезде облыстық прокуратурада қызмет атқардым. Конституцияны талқылау, қабылдау процесіне өзім де куә болдым. Референдум барысында халық белсенділік көрсетті. Осылайша Қазақстан өзін зайырлы әрі біртұтаст мемлекет ретінде танытып, өркендеу жолындағы табыстарға жетуді мақсат етті. Ата Заңымыз «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деген сөздермен басталады. Онда жана әділ қоғам құруға ұмтылған ұрпақ сабақтастығының негізі жинақталған. Кез келген мемлекет іргетасының мызғымас беріктігі Конституция мен заңдардың перменіне тікелей байланысты. Еліміздің басты құжатында демократиялық, зайырлы, құқықтық Қазақстанның ең басты байлығы – адам мен оның өмірі, бостандығы екені анық көрсетілген. Осы орайда әрбір азаматқа өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүмкіндік берілген. Қазақ қоғамы қашанда заңға арқа сүйеп, тәртіпке тәуелді болған. Өзінің айтқан көненің көзі – жарғылардан бастау алған Ата Заңымыз мемлекеттігіміздің тұғыры, халық бірлігінің ұйытқысы, жеріміздің саяси қалқаны, елдігіміздің арқауы, кемелдігіміздің кепілі десек, артық айтқанымыз емес.

– Конституцияда судьялардың құқықтары мен міндеттері қалай белгіленген?

– 75-бапта көрсетілгендей, сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық, заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісі алқабилердің қатысуымен жүргізіледі. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше сот құруға жол берілмейді. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады. Мақсаты – азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституция, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету. Ол аталған құжаттар негізінде туындайтын істер мен дауларды шешуде қолданылады.

– Заңды қолданғанда қандай принциптерді басшылыққа аласыздар?

– Мынадай 10 принцип басшылыққа алынады. Олар:

1. Сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін адам қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.
2. Бір құқықбұзушылық үшін ешкімді қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды.
3. Заңда көзделген соттылықты оның келісімінсіз ешкім өзгерте алмайды.
4. Сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы.
5. Жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқықбұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса



немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады. 6. Айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

7. Ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес.

8. Адамның кінәлі екені туралы кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады.

9. Заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде жаңа сотталуы тиіс емес.

10. Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

– «Құқық қорғау жүйесінің басты міндеті – халық сеніміне не болу», – деді Президент. Осы айтылған сенімнің негізгі өлшемі не?

– Әрине, адам сотқа ерікпеннен келмейді. Өртүрлі дау-дамаймен әділдік, төрелік іздеп келеді. Таяқтың екі ұшы болатыны сияқты даудың екі жағы болады. Ал біздің мақсат – ұсынылған дәлелдемелер мен фактілерді ескере отырып, заң шеңберінде шешім қабылдау. Осы орайда судьяға нұсқау беріп, оның жұмысына араласуға ешкімнің құқығы жоқ. Үкім немесе қаулыға келіспеген адам жоғары тұрған сотқа шағымдана алады. Біз өз тарапымыздан сот жұмысының ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жалғастыра береміз. Шешімнің әділ болуы және осындай игі бастамалар жана халықтың бізге сенімін күшейте түспек.

– Ұсақ-түйек дауды ушықтырмай шешудің бірден-бір жолы – медиация. Бұдан сот жүктемесі жеңілдеді ме?

– Бұл «алдына келсе, атаңның құнын кеш» деген қағиданы басшылыққа алған дарабоз билердің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы деуге болады. Бітімгершілік рәсімі халықты дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпалын тигізуде. Қалалық сотқа төраға болып келген 2017 жылы 27 мың іс қаралған еді. 2018 жылы ол 20 мыңға, бытыр 16 мыңға дейін азайды. Быыл тағы шамамен 20-25 процентке төмендегені байқалады. Осылайша болмашы дау-жанжалдар үшін уақыт жоғалтпай, маңызды мәселелерде төрелік айтуға мүмкіндік беріліп отыр.

– Карантин жұмыстарыңызға қалай әсер етті? Істі онлайн форматта жүргізудің артық-кем тұсы қандай?

– Судьялардың, мамандар мен сотқа қатысушы қос тарап өкілдерінің денсаулығын сақтау мақсатында істер онлайн тәртіпте қаралуда. Оның қиындығы аз емес. Бейнебайланыс жүйесіндегі кейбір келенсіздіктер себебінен істі тоқтатуға тура келген жағдайлар болды. Дегенмен, карантин кезінде сактық талаптарын орындау арқылы ғана ауруды жеңе аламыз.

– Өңгімеңізге рахмет! Мереке құтты болсын!

Өңгімелескен
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Жаңа бизнес бастамалар жүзеге асады

Кеше облыс әкімінің орынбасары, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Нұрлан Тілешев өңірдегі бизнес қауымдастық өкілдерімен кездесті. Жиында кәсіпкерлердің жаңа жобалары талқыланып, бизнес бастау барысында туындаған мәселелердің шешу жолдары қарастырылды.

Сb Айдана ЖУМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Шараны «Байқоңыр» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы Ерлан Нұрланбаев жүргізді. Кәсіпкерлерді қолдау мақсатында, мемлекеттік орган, қаржы институттары өкілдерінің қатысуымен мұндай форматтағы жиын алғаш рет өткізілді. Кеңес төрағасының айтуынша, кәсіпкерлердің қаржы мәселелерін шешу, көмек көрсету мақсатында «Байқоңыр» ӘКК» АҚ жанынан құрылған арнайы алаңда тұрақты түрде кездесулер ұйымдастырылмақ.

Жиында 10-нан астам кәсіпкер бизнес жобасының презентациясымен таныстырып, туындаған мәселелерді жеткізді. Айталық, алдағы уақытта Арал ауданында түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндірісі құрылады. Жобаның бастамашысы «Qazaq Camel» серіктестігі дайын өнімді экспортқа шығармақ. Серіктестік директоры Нугурбек Абулгазинов бұл бастама түйе сүті өндірісін дамытуға әсер етіп, халықты жұмыспен қамтуға үлес қосатынын атап айтты. Сондай-ақ, жобаның

қаржыландыру барысы туралы сөз қозғап, өндіріс орны Аралдағы индустриалды аймақта орналасатынын, негізгі нысан салынып біткенін жеткізді.

Кездесуде жылыжай өндірісін құруды жоспарлаған Ғани Алматы, гендік-инженерлік ақуызды өндіру бойынша «Bildix» ЖШС директоры Ерден Эрик, жұмыртқа бағытындағы тауық өсіру бойынша «Мөлдир и К» ЖШС директоры Насыр Мырзабеков жобаларын таныстырды.

«Мөлдир и К» серіктестігі бүгінде Шиелі нарығына жұмыртқа шығаруда.

– 2016 жылдан бастап өндіріске қажетті екі цех салдық. Бүгінде цехтар жұмыс істеп тұр, онда 20 мың бас тауық және балапан бар. Ал, бір күндік балапанды Талдықорғаннан жеткізудеміз, – деген Насыр Мырзабеков жұмыртқа қолдан жиналатынын, сұрыптайтын арнайы құрылғылар жоқ екенін атап айтты. Кәсіпті әрі қарай жүргізу үшін 10 мың

бас тауыққа тағы да цех соғу керек. Сондықтан қаржылай қолдау қажет екендігін, тауыққа берілетін құрама жемді де сырттан әкелетінін жеткізді.

Жаңақорған ауданында ірі қара өсірумен және бордақылаумен айналысатын «Бекарыс Агрофуд» ЖШС енді қой өсірумен де айналыспақ. Директоры Серік Мырзабаев кәсібін жаңа бағытта дамытқысы келетінін, оған қажетті қаржы көлемін айтты. Облыс әкімінің орынбасары жобаға қолдау танытып, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ арқылы қажетті қаржы берілетінін жеткізді.

Жиында сусын, шыршын және минералды су өндірісін құру, кондитерлік цех ашу, сауда-логистикалық орталық және автобус бекетін салу бойынша сондай-ақ, тігін цехы, жылыжай ашу, балық шаруашылығы бойынша кәсіп бастағысы келетін кәсіпкерлер де жобаларын таныстырды. Бірқатар мәселелер бірден шешімін тапты. Ең бастысы, жобалардың көпшілігі іске асса, олар үшін аса қажетті өндіріс орындары құрылмақ.

Облыс әкімінің орынбасары кәсіпкерлерге кәсіп бастарда барлық шығындар нақты есептеліп, бизнес жоспар тиянақты жасалу керекін баса айтты. Сондай-ақ, мемлекеттік органдарға тапсырмалар беріп, қаржы институттарына жан-жақты қолдау көрсету қажеттігін атап өтті.

БРИФИНГ

Санаулы күннен кейін жаңа оқу жылы. Биылғы оқу жылы елдегі қолайсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты қашықтан оқыту форматында басталғалы тұр. Жаңа оқу жылының тағы қандай ерекшеліктері мен жаңалықтары бар? Жалпы дайындық барысы қалай? Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов пен облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова кеңінен баяндады.

Сb Айнур БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Қыркүйек те келді

Облыста алдағы оқу жылында 293 мектепте 169173 оқушы оқиды деп күтілуде. Оның ішінде 1 сыныпқа 18 423 бала қабылданған. Жаңа оқу жылында мектептегі оқу процесін ұйымдастыру Білім және ғылым министрлігі ұсынған бағыттар бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда, өңірдегі 220 мектептегі 116 592 оқушы қашықтан оқытылады. Қашықтан оқыту BilimLand, Дарын-онлайн интернет платформалары арқылы жүргізіледі. Ал 1-4 сыныптағы 41547 оқушы 2974 топта және шалғай орналасқан елді мекендегі 73 мектептегі 11 004 бала дәстүрлі түрде оқытылады.

– Қашықтан оқитын 116 254 (218 мектеп) оқушының 76744-де, яғни, 66 процентінде компьютерлік-техникалық құралдары бар. 39510 (34%) оқушыны компьютермен қамтуға тиісті жұмыстар ұйымдастырылуда. Бүгінде мектеп балансындағы 14203 компьютер оқушыларға уақытша пайдалануға берілді. Салдағы үнемделген бюджет есебінен алынған (176,7 млн теңге) 2635 планшет беріледі. Қалған оқушыларға Үкімет резерві есебінен берілетін 22870 компьютер 20 қыркүйекке дейін таратылатын болады. Бүгінгі күні сатып алу бойынша құрылған жұмысшы тобы мен жеткізуші мердігерлер анықталып, келісім-шартқа отырды, – деп атап өтті Н.Байқадамов.

Сондай-ақ, «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 1116 оқушыға ноутбук пен планшет таратылуда. Дәстүрлі түрде білім алатын оқушылар 5 сатыдан тұратын дезинфекциядан өтетін болады.

Облыста барлық мұғалім саны – 20 259. Оның 306-да компьютер жок. Облыстық кәсіподақ де-мушілігімен оларға электронды құрылғылар беріледі. 18 мың педагог қашықтан оқытуға байланысты арнайы онлайн курстан өткен.

– Облыс бойынша биыл 55 білім беру нысанына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның 12-сі балабақша, 33-і мектеп, 4-і мектептен тыс мекеме, 5-і колледж. Жаңа оқу жылына 740 орындық 2 мектеп құрылысы пайдалануға беріледі (Жалағаш ауданы, Қызылорда қаласы). Сонымен бірге 1800 орынға арналған 4 мектептің құрылысы жүргізілуде. 2 мектептің құрылысы (Жезқазған трассасы бойындағы 600 орындық мектеп, Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектеп) жыл соңында аяқталады деп күтілуде. Қалған 2 мектеп келер жылы іске қосылады (Жанақорған кенті 600 орындық, Жанақорған кенті, Майбекет шағын ауданы 300 орындық). Сондай-ақ, Қызылорда қаласынан жеке инвестор қаржысымен 300 және 500 орындық 2 жеке мектеп құрылысы салынууда (Саяхат, Сырдария шағын аудандары), – деді басқарма басшысы.

Брифингте облыс әкімінің орынбасары карантиндік шектеулер жеңілдетілгеннен, қауіптің толық сейілмегенін, осы орайда сактық шараларына жіті көңіл бөліп, орындаудың маңызы зор екеніне тоқталды. Алдағы уақытта балаларға арналған масқалардың жергілікті дәрханаларға шығарылып, қолжетімді бағада сатылатынын айтты. Өйткені ересектерге арналған масқалар балаларға сөйкес келмейді, сондықтан ыңғайсыздық тудыруы мүмкін.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Ұстаздық – ұмыл қызмет

Бейсенбіде Қызылорда қаласы ұстаздарының дәстүрлі тамыз кеңесі өтті. Оған қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. «Білім және ғылым: жаңа оқу жылының ерекшеліктері» тақырыбында өткен жиында барлық білім беру ұйымдарының басшылары онлайн форматта қатысуға мүмкіндік алды.

Биыл қалада «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында №№23, 43, 112, 173 мектептерінде және Белкөл кентіндегі «Балапан» балабақшасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл мақсатқа қаралған қаржы 783 млн теңгені құрады. Сонымен бірге, «Ауыл – ел бесігі» шеңберінде №143 орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстарына 153 млн 862 мың теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылса, халықаралық жобалар арқылы қайтарымсыз грант негізінде №№1, 4, 176 мектептерде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Орын тапшылығын болдырмау мақсатында Саяхат шағын ауданында – 600, Е.Демесиев көшесінің бойынан 500 орындық екі мектептің құрылысы инвесторлар есебінен жүргізілуде. Мұнан бөлек, Жаппасбай батыр көшесінің бойындағы 600 орындық мектеп жаңа оқу жылында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Тағы 3 мектептің жобалау-сметалық құжаттары әзірленуде.

Қала бюджетінің 45-50 проценті білім саласына бағытталып, бытыр 25 млрд теңгенен аса қаржы қаралса, биыл 35 млрд теңгенен асты. Бұл – мемлекет тарапынан білім саласын дамытуға көрсетілген қолдаудың белгісі.

Кеңесте қалалық білім бөлімінің басшысы Динара Баймуравановна жаңа оқу жылындағы алға қойылған міндеттер мен қашықтан оқытудың ерекшеліктері туралы хабарламасы тыңдалып, білім саласының даму қарқыны мен саланы одан әрі жетілдіруге қатысты ұсыныстар айтылды.

Жаңа оқу жылында қаладағы 50 мектепте қашықтан оқыту форматында 67 527 оқушыны, ауылдық 4 мектепте (№128 Қараөзек, №175 Айнакөл, №145 Бірқазан, №215 Талдыарал) барлық санитарлық талаптарды сактай отырып 434 оқушыны дәстүрлі түрде оқыту жоспарлануда. Сонымен қатар, 1-4 сыныптардағы 30958 баланың 8520-сы ата-аналардың өтініші негізінде кезекші сыныпта оқытылады деп жоспарлануда.

Жиында қала әкімі алдағы оқу жылында нақты атқарылуы тиіс бірқатар тапсырмалар жүктелді. Басымдық дәстүрлі және кезекші сыныптары бар мектептер мен балабақшалардағы санитарлық нормаларды сактап, интернет жок мұғалімдер мен оқушылар арасындағы күнделікті байланысты ұйымдастыруға берілді. Сондай-ақ, қашықтан оқыту кезінде бала тәрбиесін назардан тыс қалдырмауды міндеттеді. Ал жан басына қаржыландыруға өткен мектеп басшыларына мемлекет қаржысын мақсатты жұмсап, білім ұясының материалдық-техникалық базасын жақсартуды тапсырды.

Кеңес соңында жыл көлемінде еселі еңбегімен ерекшеленген мәртебелі мамандық иелері ҚР Білім және ғылым министрінің Алғысымен, қала басшысының қаржылай сыйақысы және бағалы сыйлықтарымен марапатталып, Алғыс хаттар табысталды.

«СБ» ақпарат

ЭРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ

ҚОС ҚАНАТЫ - ҚАЛАМ мен ДОМБЫРА

Алла тағаланың адамзат баласына бұйыртқан қабілет-қарымында шек жоқ. Кейбіреуге үйіп-төгіп берген мүмкіндігі бәзбіреулердің басында табылмайтыны аян. Ал, үшінші біреулерге қос-қостан қолы ашылып бере салады.



Біз әңгімелегелі отырған белгілі журналист-жазушы, дәулескер күйші-сазгер, әріптесіміз Жұмабай Жақып осы соңғы топтың санатында. Үстіміздегі жылғы 1 шілдеде 75 жастың табалдырығынан аттаған Жұмабай ағамыз әлі тың, жүріс-тұрысында қарттықтың ізі түгіл, өзі де жоқ. Алла берген сол қуат-қажырдың арқасында Арал қаласында құр аттай шапқылап қоғамдық жұмыстың бел ортасында белсеніп жүр. Нақтырақ айтқанда, 2014 жылдан бері Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Арал аудандық филиалының төрағасы.

Өмір дерегіне ресми түрде ретімен тереңірек көз жіберсек, жоғарыда айтқанымыздай, 1945 жылғы Желтоқсан мерекесінен 2 ай 8 күн өткенде бұрынғы Райым ауылдық округінде 1 шілде күні соғыс және еңбек ардагері Жақсылық Жүсіпов пен Наушарбан Аламағамбетқызының отбасында шыр етіп шырайлы дүние есігін ашқан болатын. Жұмабай қаламгердің одан арғы өмір соқпағы төмендегіше өрнектеледі.

1962 жылы Қамыстыбас №21 орта мектебін, 1964 жылы Қазалыдағы теміржолшылар даярлау училищесін, 1976 жылы Қазақтың Ұлттық Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді. Отан алдындағы борышын өтеп келген соң еңбек жолын 1970 жылы Қазалы аудандық бұрынғы «Ленин туы» (қазіргі «Қазалы») газетінде корректорлықтан бастап әдеби қызметкер, бөлім менгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. Мұнан кейін Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде радио бөлімінің меңгерушісі, облыстық телерадио компаниясында аға редактор, Арал аудандық радио хабарын тарату редакциясында жауапты редактор, аудандық «Толқын» газетінде жауапты хатшы, аудан әкімінің баспасөз хатшысы болып істеді.

1999-2009 жылдар аралығында облыстық «Сыр бойы» газетінің Арал, Қазалы аудандарындағы аймақтық тілшісі, Арал аудандық «Толқын» газетінде редактор-директор қызметтерін атқарды. Оның ақын, журналист, жазушы ретінде облысымызға кеңінен танымал қаламгер екені бізге жақсы аян.

Сонау алпысыншы жылдардан бастап өлеңдері облыстық, республикалық басшыларда жарық көріп келеді. 1977 жылы Қарақалпақ АССР-інде басылып шыққан Қызылорда, Қарақалпақ ақындарының өлеңдер жинағына бір топ жырлары енген. Проза саласында экологиялық тақырыптағы «Теніз қызы мен тау жігіті» атты ертегі повесі «Жалын» баспасының 1991 жылғы бейнесінде жұлделі үшінші орын иемденсе, «Алақай, теніз келеді, көкем келеді!» әңгімесі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 15 жылдық мерейтойына орай Мәдениет министрлігі мен «Қазак-мыс» компаниясы бірігіп өткізген «Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту» атты патриоттық тақырыптағы үздік көркем шығармалар байқауында жеңімпаз болып танылды. Оның ертегілері облыс ақын-жазушыларының «Жүректені жауһарлар» атты жинағына енген болатын.

Ұзақ жылдардағы журналистік зерттеу еңбегінің нәтижесінде Жетес бидің шешендік сөздеріне арналған «Жетес би», «Теніз қызы мен тау жігіті» ертегілер, «Шешілген түйін», «Аралдық Бауыржанның әзіл әлемі» атты прозалық, «Жастық шақтан бір белгі» атты өлең кітаптары жарық көрді. Мұнымен бірге Арал ауданының атаулы жылдарына арналған «Тарихи тұлға, тілді би», «Ән әлемінде, жүрек тереңінде», «Тәуелсіздікті ту еткен тұлғалар», «Әлем таныған Арал», «Қазақ рухын көтерген Қарақұм құрылтайы», «Тәуелсіздік толғауы» кітаптарының құрастырушы редакторы.

Жұмабай Жақып – сазгер-күйші ретінде де ауданның мәдени өміріне белсене араласып жүрген талант иесі. Ол отыздан астам күйдің авторы. Солардың ішінде «Күм кешкен керуен», «Отырардың оянуы», «Отырар сарбаздарының маршы», «Отырардың толғауы»

атты топтама күйлері мен Қорқыт бабамызға арналған «Желмаялы Қорқыт», Абай Құнанбайұлының өлеңіне жазылған «Қараңғы түнде тау қалғып», Манап Көкеновке арналған «Арқалы ақын айтыста» атты туындыларының шоқтығы биік. Ол – 1983 жылы Қармақшы ауданында өткен сазгер-күйшілердің облыстық байқауында жүлделі үшінші орын иеленген өнер иесі дәулескер күйші.

Жұмабай Жақып Қазалы ауданының біршоғыр домбырашылары Жалдыбай Елекеев, Қобылаш Жаймұратов, Нұрмағамбет Әлиевтерді жан-жақты жазып, күйшілік өнерді насихаттай білді. Сол арқылы атақты Қазанғап күйшінің замандасы, Сыр елінің санлақ сазгері Мырза Токтаболтаұлының өмірі мен шығармашылығын зерттей жүріп, «Тұмар» баспасынан «Сазгер, күйші Шал-Мырза» атты кітабын шығарды.

Ж.Жақыптың жеке орындауында 1984 жылғы Қазақ телевидениесінде және бірнеше мәрте облыстық телевидениеде арнайы хабарлар берілді. 2015 жылғы облыстық Ә.Тәжібаев атындағы орталық кітапханада «Қалам менен домбыра – қос қанатым» атты әдеби-әуездік шығармашылық кеші өтті.

Жөкең ұзақ жылдар бойы басқарған, тамырына қан жүгіртіп отырған филиал жұмысына келетін болсақ, бүгінде ауданда «Қазақ тілі» қоғамының 120 бастауыш ұйымы, Сексеуіл кентінде бір комитет жұмыс істейді. Олар қоғамның 3560 мүшесін біріктіріп отыр.

Тағы бір айта кетерлігі, аудандық филиалда 11 мүшесі бар алқа құрамы сайланып, бастауыш ұйымдармен және олардың жетекшілерімен тығыз байланыс орнатылған. Филиал жыл сайын белгіленген іс-шараларға сәйкес жоспарлы жұмыс істеп келеді. Түрлі тақырыптар бойынша бастауыш ұйымдарда, мәдени-көпшілік орындарда кеш, кездесулер өткізі, озат ұйымдар мен тіл жанашырларын марапаттау, ынталандыру жұмыстары тұрақты атқарылууда.

Атап айтқанда, биылғы жылдың өзінде «Ана тілі аналар жүрегіне», «Тілді сүйсең Абайша сүй», «Ұлттық тілден ұлысы жоқ», «Мұқағалидың жыр әлемі», т.б. тақырыптардағы дөңгелек үстел, кездесулер тіл жанашырларының қатысуымен әсерлі өткені көрермендердің есінде.

Филиалда екі штат бірлігімен төраға және әдіскер жұмыс істейді. З.Шүкіров атындағы қалалық мәдениет үйінде орналасқан жұмыс бөлмесі компьютер, телефон, стол, басқа да қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Ісқағаздар мен құжаттар жолға қойылғанын көзіміз көріп, көңіл сүйсініді.

Ж.Жақыптың шығармашылығы әр жылдары өз бағасын алуда. Атап айтсақ, 2002 жылы «Облыстың үздік журналисі», 2003 жылы Арал ауданының «Үздік журналисі» атанып, екі мәрте облыстық Құрмет грамотасымен, «Бейбітшілік әлемі» халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен марапатталған. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Қазақстанның Құрметті журналисі. Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі.

2017 жылдан бері өзі ұйымдастырған «Арал аудандық Зейнолла Шүкіров атындағы шығармашылық бірлестік» қоғамдық бірлестігінің және «Арал әлемі» газетінің төрағасы.

Жұмабай ағамыздың журналистік қызметпен бірге күйшілік өнерді алпыс жылдан астам уақыт бойы аялауы бізді қашанда қатты қызықтыратын. Соған орай кей-йіпкерімізге келте сауал қойдық.

– Әр нәрсенің бастауы болады. Күйші-сазгер болуына қандай нәрсе және кім түрткі болды?

– Ә, онда кішкентай бала едім. Ол кездері нағашыларым Қосжар елді мекенінің маңайында егіншілікпен шұғылданып отырған. Анамның інісі әскерден келіп, отбасы той жасап, соған бізді шақырған бір күні. Барған бетте киіз үйдің төрінде ілулі тұрған ағаштан ойып жасалған домбыраны көзім шалды. Менің көзімнің той аяқталғанда кереге басында ілулі

тұрған домбырада болғанын әкем аттас Жақсылық нағашым аңғарса керек. Ауылға қайтарда қолыма ұстатты. Оның үстіне әкем марқұм да ыңылдап ән салып, домбыра шерте білетін өнерлі жан еді. Соның арқасында бұл аспап алпыс жылдан астам уақыттан бері маған сенімді серік болып келеді, – дейді Жұмабай ағамыз.

Жөкең аудандағы өнер адамдарымен тығыз қарым-қатынаста. Олардың бірі күйші болса, екіншісі журналист, үшіншісі суретші. Ол өзі басқарып отырған «Арал әлемі» басылымында жергілікті жастардың шығармашылығына баса көңіл бөліп отырады.

Атағы Арал-Қазалы аймағынан асып, Алаш баласына түгел мәлім болған арғы атасы Жетес би жайлы көп жылдардан бері қалам қарымын танытып келеді. Бірсыпырасы жоғарыда айтқанымыздай баспа, басылым жүздерінде жарық көріп, қалың көпшілікпен қауышқалы қашан.

Жұмабай ағамыз екеуіміз жиырма жылға жуық қатар қызмет атқардық, қаламның қызығын да, шығығын да бірге көрдік. 1990-1995 жылдары облыстық радиокомитеттің Арал қалалық радио хабарларын тарату редакциясында шығармашылықпен қатар шұғылдандық. Одан кейін аудандық газетте қол ұстасып бірге еңбек еттік. Қол боста біріміз қоныр домбыраға тіл бітірсек, екіншіміз жаңа жазған жыр шумақтарымызды оқып беретінбіз. Жөкең екеуіміздің Арал қаласындағы «Жазушылар одағымыз» – редакцияның құрқылтайдың ұясындай бөлмесі. Әдеби орта да екеуіміз болдық.

Жұмабай ағамыздың қос қанаты қалам мен домбыра іспеттес. Қағаздан қажығанда қоныр домбыраны алдына өңгеріп күй өнері саласында орындаушылық шеберлігі, табиғаты мүлде тосын, сонысымен көңілге қонымды, құлаққа жағымды «Күм кешкен керуен», «Отырар сарбаздарының маршы» сияқты күйлерін күмбірлететін. Жөкең сияқты күйші-композитордың осы бағыттағы еңбегі ел тарапынан әлі жөнді бағаланбай жүргені анық.

Ол облыстық «Сыр бойы» басылымының Арал-Қазалы өңіріндегі меншікті тілшісі қызметін атқарған он жыл – оның ұмытылмас кезеңдері. Журналист Жұмабай Сырдың аптап жазында, алтын күзінде, жаймашуақ көктемінде, ақша қар басқан аязды қысында Қызылқұмды бөктерлей орналасқан қазыналы Қазалы мен Қарақұмды жайлап, ел байлығын еселеген аты әлемге мәшһүр шартарапты талай шарлаған. Бұл сапарларынан туған проблемалық мақалалары, сүнгіттей суреттемелері, ойлы очерктері облыстық басылымда күн құрғатпай жарияланып, оқырман оясын табылып жататын.

Сол шабысынан кейін де танған жоқ. Арал аудандық «Толқын» газетінің редактор-директоры қызметінде жүргенде де қаламынан туған талай журналистік ізденістері іркілмеді. Редакция табалдырығынан имене аттаған талай жастың маңдайынан сипалды, арқасынан қакты. Сөйтіп, журналистік сапарға аттандырып ақ жол тілегені біздің есімізде.

Бұл күндері Арал қаласындағы үлкен шаңырақтың иесі атанып, өмірлік серігі Мария Өтегенқызы екеуі бес бірдей перзентін аялап өсірді. Тұла бойы тұңғыштары Махмұд ата қонысы Жетес би ауылдық округінің әкімі болса, Айнадин мен Мағжаны болат жол бойының білікті қызметкерлері, Гүлфариза үйлі-баранды, медицина қызметкері, сүт кенжелері Тоғжан – мектеп қабырғасында шөкірт.

Үстіміздегі жылы аталып өткен Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері мерекесі қарсаңында Жұмабай ағамыз салалық министр А.Балаева мен облыс әкімінің мақтау марапатына, құттықтауына ие болып, 75 жастың табалдырығынан сергек сенім, зор қуанышпен аттады. Ұзағынан сүйіндірсін.

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Журналистер одағының қатары толықты



Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне облыстан 10 қаламгер қабылданды. Одақтың облыстық филиал төрағасы Аманжол Оңғарбаев шығармашылық өкілдеріне билет табыстады.

Жиында филиал төрағасы Журналистер одағының құрамында болу жауапкершілік жүктейтін, қаламгерлер сол сенімнің үлесінен шығып, ұлтқа қызмет ету керігін жеткізді.

Биыл мүшелікке қабылданған БАҚ өкілдерінің қатарында облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің бас ре-

дакторы Айжан Абдуллаева, облыстық «Quyzylorda» телеарнасының тележүргізушісі Толқын Қабылша, Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жауапты хатшысы Гауһар Қожахметова, әріптесіміз Айдана Жұмадинова бар.

Шарада одаққа қабылданған штаттан тыс тілші Шоқан Төлепов алдағы уақытта да өңірдегі өзекті мәселелерді елге жеткізетінін, ал Айжан Абдуллаева пандемия уақыты ақпарат өкілдері үшін аса маңызды кезең екенін, журналистердің объективті, жылдам жаңалық таратуы қашанда басты міндет екенін атап өтті.

«СБ» ақпарат

ЕГІН-2020

ЖИЫН-ТЕРІМДІ БАСТАДЫ



Биыл облыста 184 мың 200 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Басты дақыл – күріш 89,5 мың гектар жерге себіліп, дикан ағайын ала жаздай күтіп-баптаған егісін жинауға кірісті.

Өткен апта соңында Шиелі ауданындағы «Ақмая» шаруа қожалығының күріштігіне орақ түсті. Міне, онтүстіктегі қос ауданның ізін ала Жалағаш және Сырдария аудандарында да күзгі жиын-терім маусымы басталды.

Осы сәрсенбіде Жалағаш ауданы Таң ауылдық округіндегі «Таң ЛТД» ЖШС-ның егіс алқабындағы егінге алғашқы орақ салу рәсіміне аудан әкімі Асылбек Шәменов, бірқатар ірі шаруашылық құрылым төрағалары, ауыл ақсақалдары мен еңбеккерлер қатысты.

Биыл аталған ауданда барлығы 36 мың гектардан астам жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Негізгі дақыл – күріш көлемі 21 600 гектар.

– Күріш – біздің елдің, Сыр бойының негізгі байлығы. Ендігі мәселе – осы байлықты шашпай-төкпей ысырапсыз жинап алып, халықтың игілігіне жарату. Бұл үшін барлық жағдай бар. Егін жинауда техника қашанда шешуші рөл атқаратыны белгілі. Биылғы егін жинау науқанына барлығы 994 дана техника қатысады, – делі аудан басшысы А.Шәменов.

Айта кетейік, Имамзада Шағыртаевтың басқаруындағы «Таң ЛТД» ЖШС биыл 1912 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастырды. Серіктестіктің бұған дейінгі жылдарды табыспен қорытындылап, облыс көлемінде биік белестерді бағындырып жүргені мәлім.

Өткен жылы осы серіктестіктің дикандары күріштің әр гектарынан 76 центнерден өнім алды. Шаруашылық тек күріш егіп қана қоймай, мал азығын да өндіріп келеді. Нақты кезеңде құры-

лымда 115 адам тұрақты жұмыс істейді. Осы күні Сырдария ауданындағы «Ақжарма және К» шаруа қожалығы еңбеккерлері, ал ертесіне Н.Плиясов ауылы дикандары егінге орақ салды.

Қайрат Нұрсейітовтің басқаруындағы «Ақжарма және К» ШҚ биыл 1550 гектар күріш екті. Төрағаның айтуынша, іс ілгерілеген сайын ауылдың әлеуетін жақсартуға жұмыс жасалауда. Атап айтқанда, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетілуде, сондай-ақ шаруашылықта жұмыс істейтін жас мамандарға үй салынауда. Жастарды қолдау шаралары іске асырылууда. Карантин кезеңінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жұмыстары да шаруашылық есебінен ұйымдастырылыпты.

Республикадағы үздік ауылдардың бірінен саналатын Н.Плиясов ауылындағы егінге орақ салу рәсіміне аудан әкімі Руслан Рүстемовпен бірге ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерәлиев, «Мағжан және К» ЖШС директоры, Сырдария аудандық мәслихатының депутаты Дархан Ерәлиев, «Абал және К» ТС директоры Мағжан Ерәлиев, ауыл ардагерлері, шаруашылық қызметкерлері қатысты. Егінге орақ салуға арналған жиында аудан басшысы ала жаздай тер төккен дикандарға сөттілік тіледі.

– Сыр күріші – ел ырысы. Жыл сайын аграрлы ауданымыз ауылшаруашылық саласы бойынша жоғары белестен көрініп келеді. Оның ішінде Н.Плиясов ауылындағы дала еңбеккерлерінің ел қамбасын алтын дөңге толтыру ісіне қосатын үлесі қомақты. Биылғы жылы да адал еңбекті ту еткен дикандар күріштен мол өнім жинайды деп сенеміз, – делі аудан әкімі.

Әртараптандыру бойынша Сырдария ауданының дикандары биыл 33 110 гектар жерге дақылдар орналастырыпты. Оның ішінде 21 126 гектарына күріш егілген.

«СБ» ақпарат

Жоба

Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Қ. Бисенов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы «...» ... №... шешімімен бекітілді

Қызылорда облысында Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызылорда облысында Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі №145 «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде № 20540 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарлары - адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысу бар жануарлардың барлық түрлері;

2) ауыл шаруашылығы жануарларының иелері - меншік, шаруашылық жүргізу құқығындағы, желел басқарудағы немесе басқа да заңды негізінде ауыл шаруашылығы жануарлары бар заңды немесе жеке тұлғалар;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын айдап өту (айдау) - ауыл шаруашылығы жануарларының тұрақты тұрған жерінен жаю орнына дейін және кері қарай жылжуы;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамындағы жер учаскелерінде, сондай-ақ жердің басқа санаттарының құрамындағы жер учаскелерінде адамның бақылауында болатын ауыл шаруашылығы жануарларының шөп және өзге де өсімдіктерді тұтыну процесі;

5) ветеринариялық паспорт - уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат, онда: жануарларды есепке алу мақсатында жануардың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы (туған күні), жеке нөмірі көрсетіледі;

6) жайылымдар – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін берілетін және пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамындағы жер учаскелері, сондай-ақ жердің басқа санаттарының құрамындағы жер учаскелері;

7) маусымдық жайылымдар - жыл мезгілдеріне және (немесе) пайдалану кезеңіне сәйкес қолайлы табиғи-климаттық жағдайларда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін пайдаланылатын жайылымдар;

8) шалғайдағы жайылымдар – елді мекендерден алыстағы аумақтарда шалғайдағы мал шаруашылығын жүргізу үшін пайдаланылатын жайылымдар;

9) жалпыға ортақ пайдаланытын жерлер - алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, кондоминиум құрамына кірмеген үй жанындағы жер учаскесі, жолдар, жағалаулар, парктар, саябақтар, орман парктары, бульварлар, су айлындары, жағажайлар, зираттар және басқа да халықтың мұқтажын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылу құбырлары, тазарту құрылыстары және ортақ пайдаланылатын басқа да инженерлік жүйелер, сондай-ақ ортақ пайдаланылатын жылу желілері мен инженерлік жүйелердің күзет аймақтары) алып жатқан және оларды орналастыруға арналған жерлер.

10) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

11) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

12) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

13) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

14) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

15) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

16) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

17) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

18) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

19) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

20) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

21) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

22) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

23) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

24) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

25) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

26) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

27) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

28) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

29) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

30) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

31) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

32) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

33) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

34) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

35) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

36) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

37) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

38) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

39) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

40) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

41) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

42) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

43) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

44) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

45) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

46) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

47) ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындайды.

48) өзге жолдар болған кезде ауыл шаруашылығы

жануарларын асфальт төселген және цементпен бетондалған жолдармен айдап өтуге;

9) қоғамдық шомылтатын орындарда, тоғандарда, субұрқтарда, су айдындарында және жалпыға ортақ пайдаланылатын су айдындарында ауыл шаруашылығы жануарларын суаруға жол берілмейді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын суару үшін 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес ортақ су пайдалану тәртібімен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын суару алаңдары мен басқа да құрылыстары бар санитариялық қорғау аймақтарынан тыс су объектілерін пайдалануға жол берілмейді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 қазандағы №18-02/909 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде нөмірі 12259 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю қағидаларына сәйкес айқындалады.

5. Малды жаю кезеңінің басталу және аяқталу күнін аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары және ауылдық округтердің әкімдіктері нақты жылдың табиғи-климаттық жағдайына байланысты дербес белгілейді.

6. Адамдардың сүйемелдеуіне жүрген ауыл шаруашылығы жануарлары қараусыз жануарлар болып есептеледі және иесі анықталғанға дейін уақытша ұстау үшін қоражайларға айдауға жатады.

Қоражайларда мал ұстауға жұмсалатын шығын көлемін аудан әкімдігі бекітеді.

Ұсталған қараусыз жануарларды ұстау, иелеріне қайтару тәртібі және иелерінің жауапкершілігі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес айқындалады.

7. Жануарларды жаю және айдап өту учаскелерін айқындау кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделеді және жүзеге асырылады, сондай-ақ 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 237-бабы 3-тармағына сәйкес жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге қол сұғылаушылық қамтамасыз етіледі.

8. Табиғи-климаттық аймақтарға байланысты республикада жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын маусымдық және жыл бойы бағу жүйесі қолданылады.

Маусымдық жаю жүйесінде ауыл шаруашылығы жануарлары көктемде-жазда-күзде жайылымдарда, қыста-толыққанды азықтандыру арқылы қорала ұсталады.

Жыл бойы жаю жүйесінде ауыл шаруашылығы жануарлары жыл бойы жайылымда болады.

Қолайсыз ауа райы жағдайында мал шаруашылығы қора-жайлары пайдаланылады және тиісті азық қоры құрылады.

9. Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю кезінде жайылымдардың түрлік құрамын ескеру қажет, өйткені Қазақстандағы барлық жайылымдар маусымдық сипатта болады, сондықтан эфемерлік жайылымдар көктемде, бетегелі-астық тұқымды және таулы - жазда, ал эфемерлік-жуасан жайылымдар көктемде де, күзде де пайдаланылуы мүмкін.

10. Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың басталу кезеңінде шөптің биіктігін аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары және ауылдық әкімдіктер дербес айқындайды.

11. Шөлейт жайылымдары пайдалану коэффициенті 60 проценттен (бұдан әрі - %) шөлейт және құрғақ далада - 65% аспауы тиіс. Таулы жайылымдарды 70% коэффициентпен, көктемгі эфемер өсімдіктері бар учаскелер сияқты пайдалануға болады.

12. Елді мекендер шегінде жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жайылымдарды беру аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің шешімімен, ал аудан, облыстық маңызы бар қала шегінде - Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға (бұдан әрі - Жоспар) сәйкес ауданның (қалалардағы аудандардан басқа) облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

13. Жоспар аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы уәкілетті органы Жайылымдарды басқару жоспарына сәйкес екі жыл кезеңге бекіткен нормативтік құқықтық акті болып табылады.

14. Жоспар ауданның (қаладағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері және жергілікті өзін-өзі басқару органдары әкімшілік аумақтық бірліктің аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю дәстүріне сәйкес әзірлейді.

15. Ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымдарда жаю Жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

16. Ауыл шаруашылығы малдарын жаю мен жылжытудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдаланудың күнтізбелік графигі Жоспарға сәйкес айқындалады.

17. Мемлекеттік меншіктегі кенттер мен ауылдық елді мекендер аумағының шегінде орналасқан жайылымдар жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын күтіп-ұстау жөніндегі мұқтажын қанағаттандыру үшін беріледі.

18. Осы Үлгілік қағидалардың 19-тармағында көрсетілген жайылымдарда басқа ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде нөмірі 11064 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген жүктеменің рұқсат етілген шекті нормалары сақталған жағдайда ғана жол беріледі.

Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормалары асып кеткен жағдайда Жоспарға сәйкес аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ шегінде беріледі.

19. Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ шегінде жайылымдармен қамтамасыз етілмеген иелерінің ауыл шаруашылығы жануарларының саны түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылады және Жоспарға сәйкес шалғайдағы жайылымдарға жіберіледі.

3. Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю кезінде айдауды ұйымдастыру

20. Айдау үшін жасы, жынысы, қондылығы бірдей сау ауыл шаруашылығы жануарлардан үйірлер, отарлар, табындыр жинақталады. Ауыл шаруашылығы жануарларының саны, оның ішінде қойлар мен ешкілер 600-800 басты, ірі қара мал 250 бастан аспайтын мөлшерді, жылқылар 200 бастан аспайтын мөлшерді, түйе 120 бастан аспайтын мөлшерді құрайды.

Айдауда жататын жануарларды іріктеу нормалары осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген.

21. Айдауда жататын жануарлардың түріне, жыныстық-жастық тобына және қондылығына қарай жинақтау нормалары осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген.

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюды жүзеге асыратын бір адамға арналған жүктеме нормалары осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген.

22. Ауыл шаруашылығы жануарларын айдаудың барлық жолында ауыл шаруашылығы жануарларының топтарын араластыруға жол берілмейді.

23. Аналық (сауын) мал басын (оның ішінде төлеу, босану алдындағы төлеуден, туудан кейін буыны бекімеген) және ауру ауыл шаруашылығы жануарларын (оның ішінде жұқпалы аурулар жұқтырған), буыны бекімеген жана туған төлді, міндетті ветеринариялық рәсімдерден (оның ішінде ету және вакцинациялаудан) өтпеген ауыл шаруашылығы жануарларын қоспағанда, елді мекендер шегінде жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері мен топтары шалғайдағы жайылымдарға айдауға жатады.

24. Ауыл шаруашылығы жануарларын айдау үшін 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 70 және 104-баптарына сәйкес уақытша (маусымдық) пайдаланылатын және ұзақ мерзімді пайдаланылатын мал айдайтын жолдар (бұдан әрі - мал айдайтын жолдар) жобаланады.

25. Мал айдайтын жолдарды аудандардың (қалалардың) және облыстық жергілікті атқарушы органы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 21-бабы 3-тармағына

сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларымен келісу бойынша айқындайды.

26. Мал айдайтын жолдар олардың ең үлкен ауданына қызмет көрсету және жайылымдардың мал тұратын және суару орындарымен қолайлы және қысқа байланысын құру есебімен орналастырылады.

27. Ауыл шаруашылығы жануарларын 5 километрге (бұдан әрі - км) дейінгі қашықтыққа айдағанда, айдалатын ірі қара малдың саны 200-250 бас немесе ұсақ малдың саны 600-800 бас болған кезде мал айдалатын жердің ені 50-70 метрді құрайды.

Мал айдайтын жолдың жалпы алаңы қызмет көрсетілетін барлық аумақтың 4-5%-нен аспайды.

28. Жолдың ұзындығы үлкен болған кезде (егер қозғалыс бірнеше күн ішінде жасалса) әрбір 40-50 км сайын мал айдайтын жолдар жеткілікті азықтық сыйымдылықтағы жайылымдық қоректендіру алаңдарымен жабдықталады және әрбір 10-15 км сайын суатпен қамтамасыз етіледі.

Бұл жағдайларда мал айдайтын жолдың ені 200-300-ден 1000 метрге дейін және одан да көп алаңды құрайды.

29. Жайылымның жазық жерінде ауыл шаруашылығы жануарларын суару радиусы:

ірі қара мал үшін далалық және орманды дала аймақтарында 2-4 км, қуаң далада, жартылай шөлейт және шөлейт жерлерде 4-6 км;

жылқылар үшін далалық және орманды дала аймақтарында 4-5 км, қуаң далада, жартылай шөлейт және шөлейт жерлерде 5-7 км;

түйелер үшін далалық және орманды дала аймақтарында 6-7 км, қуаң далада, жартылай шөлейт және шөлейт жерлерде 7-8 км;

кой мен ешкілер үшін далалық және орманды дала аймақтарында 2,5-4 км, қуаң далада, жартылай шөлейт және шөлейт жерлерде 3-6 км.

Республика бойынша құдықтар арасындағы қашықтық орташа 3,8 км.

4. Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюды ұйымдастыру

30. Аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары:

1) Жоспардың іске асырылуын;

2) ауыл шаруашылығы жануарларының иелері арасында жайылымдарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы түсіндіру жұмысын жүзеге асыру және ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органына оны іске асыру қорытындыларын туралы жыл сайынғы есепті ұсынуды қамтамасыз етеді.

31. Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері жайылымдық кезең басталудың алдында:

1) Жоспардың іске асырылуын қамтамасыз етуді және жергілікті өзін-өзі басқару органына (жергілікті қоғамдастық жиынына) оны іске асыру қорытындыларын туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

2) ауыл шаруашылығы жануарларының иелері арасында жайылымдарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірлесіп, жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормаларының сақталуын;

4) қараусыз қалған ауыл шаруашылығы жануарларын уақытша ұстау орындарын ұйымдастыруды;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етеді;

6) ауыл шаруашылығы жануарларын жинайтын орындарды;

7) елді мекен ішіндегі ауыл шаруашылығы жануарларын табынды жиналатын орнына дейін, жайылатын учаскелерге дейін және кері айдау бағдарларды;

8) елді мекендер алаңындағы жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға арналған учаскелерді;

9) аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ шегінде жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларын шалғайдағы жайылымдарға айдау бағдарларын;

10) шалғайдағы жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға арналған жас топтары мен түрлері бойынша учаскелерін айқындайды.

32. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелері не олар уәкілеттілік берген адамдар:

1) ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық-жастық топтары бойынша топтарын қалыптастыруды;

2) ауыл шаруашылығы жануарларының қ

